

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ» ММ
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖК

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ҚАРАҒАНДЫ, 2023

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Оқыңыз.

Менің атым – Айнұр. Мектепте мұғаліммін. Таңертең ботқа мен су іштім. Түскі асты мектептен ішемін. Түскі асқа күріш немесе қарақұмық, ет, сұйық тағамға кеспе көже ішемін. Сусынға шай аламын. Кешкі асқа көбіне тауық еті немесе бұқтырылған қырыққабат жеймін. Мен дұрыс тамақтанамын. Дұрыс тамақтану денсаулыққа пайдалы. Ертең менде демалыс. Түскі асқа көкөніс салатын әзірлеймін, бүгін кешке азық-түлік дүкеніне барамын.



2. Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс-бұрысын анықтаңыз

+	-
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐

Айнұр мектепте мұғалім.

Ол күнде таңертең кофе ішеді.

Түскі асқа күріш пен ет, сұйық тағамға кеспе көже ішеді.

Айнұр бұқтырылған қырыққабатты жақсы көреді.

Ертең ол демалады.

Түскі асқа палау әзірледі.

Бүгін кешке азық-түлік сатып алады.




3. Мәтінді III жақтан жазыңыз.



Оның аты – Айнұр. Мектепте мұғалім. Таңертең ботқа мен су _____
Түскі асты мектептен _____. Түскі асқа күріш немесе
қарақұмық, ет, сұйық тағамға кеспе көже _____. Сусынға шай
_____. Кешкі асқа көбінесе тауық еті немесе бұқтырылған
қырыққабат _____. Ол дұрыс _____. Дұрыс тамақтану
денсаулыққа пайдалы. Ертең Айнұрда демалыс. Түскі асқа көкөніс
салатын _____, бүгін кешке азық-түлік дүкеніне _____.



4. Оқыңыз.



Жаттап алыңыз.
дана
ботқа
шымшым
жарты қасық
дұрыс тамақтану
бұқтырылған

Көкөніс салатының құрамы:

Қияр – 1 дана

Қызанақ – 1 дана

Ірімшік – 200 гр

Зәйтүн – 100 гр

Зәйтүн майы – 20 гр

Лимон – 1 дана

Пияз – 1 дана

Тұз – 1 шымшым

Қарабұрыш – жарты қасық



5. Сұқбатты тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

- Қайырлы күн, _____?
- Маған қияр, қызанақ, пияз _____.
- Неше келі _____?
- 1 келіден.
- Сізде зәйтүн бар ма?
- Иә, бар.
- Сосын маған нәтиженің ірімшігі мен лимон _____.
- Жақсы.
- Барлығы _____?
- 7 255 теңге.
- Міне _____.



6. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

бар+ыңыз+шы	кел _____
сал _____	жаз _____
ал _____	айт _____
бер _____	көрсет _____
өлше _____	әзірле _____
көмектес _____	пісір _____
шығ _____	бұқтыр _____
кір _____	қайнат _____
сөйле _____	тура _____
қой _____	мұздат _____
оқы _____	жина _____



7. Дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

Ақпарат

(+)

(-)

Мәтінде жоқ ақпарат

Маған ет, қияр беріңізші.
 Маған 1 келі қияр беріңізші.
 Сізде зәйтүн бар ма?
 Нәтиженің ірімшігі қанша тұрады?
 Ол лимон сатып алды.
 Пияз бен қызанақ арзан.
 Ол дүкенге бармады.
 Барлығы 7255 теңге болды.



Бұйрық райдың сыпайы түрі

Етістік + (-ңыз, -ңіз; -ыңыз, -іңіз) + (-шы, -ші)

Мысалы:

ал+ыңыз+шы
өлше+ңіз+ші
бер+іңіз+ші



8. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Дүкенге _____	Тамақ _____	Жұмысқа _____	Есік _____
Семкеге _____	Қияр _____	Маған _____	Айтып _____
Далаға _____	Ірімшік _____	Көкөніс _____	Тамақ _____



9. Сұбатты оқыңыз.

- Сіздерде «Нәтиженің» айран мен сүті бар ма?
- Айраны ғана бар, сүті жоқ. Ертең таңертең әкеледі.
- Онда маған 3 айран беріңізші. Ірімшік пен сүзбеден салыңызшы.
- Қазір.
- Сүзбе қанша тұрады?
- 2750 теңге тұрады.
- Жақсы, бәрі қанша болды?
- 5295 теңге. Ас болсын!
- Рақмет. Ертең тағы келемін.



10. Үлгінің көмегімен тиісті қосымшаларды жазыңыз.

алма+ның

анар+_____

күріш+_____

қарақұмық+_____

арпа+_____

сұлу+_____

жүзім+_____

құлпынай+_____

картоп+_____

пияз+_____

ұн+_____

-ның, -нің; -дың, -дің; -тың, -тің

келісі қанша тұрады?



QR кодтың көмегімен тапсырманы орындаңыз.